

«То, что надо» мықтылардың қатарында

Жүлде қоры 1,5 миллионды құрайтын КВН ойынында біздің жастар бақ сынайтын болады

Ауданымызда жастарды қолдау мақсатында түрлі жұмыстар жүргізіліп, жобалар қолға алынууда. Жастар ресурстық орталығы осы мақсатта ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Түрлі үйірмелер мен волонтерлік штабтар құрылып, жұмыс жасауда.

Жылдан жылаға КТК яғни, КВН жақсы дамып, жастар әзілге көңіл бөлуде. КТК десек, «То, что надо» командасы бірден еске түседі. Аталмыш команда ұшқыр әзілмен көзге түсіп, бүгінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде.

Қостанай облыстық Жастар ресурстық орталығы және «Jas Otan» Жастар қанатының бірлесе ұйымдастыруымен өткен «Dostar» КТК лигасына қатысып, «То, что надо» командасы өз бақтарын сынады.

«Dostar» лигасына 20 команда қатысып, көрермен қауымға көтеріңкі көңіл күй және жағымды эмоциялар сыйлады. Карантиндік шектеулерден кейін өткізілген КВН ойынын тамашалауға мыңнан артық көрермен жиналды.




Қазылар алқасының қатарында атақты КВН ойыншылары, вайнерлер мен блогерлер болды.

Қостанай облысының ең мықты деген командалары арасында өткен ойынға біздің ауданымыздың жастары қатысып, әділқазылардың көңілінен шыға білді. «То, что надо»

командасы КВН ойынының келесі кезеңіне жолдама алды.

- Аталмыш лигаға команданың дайындығы ерекше болды. Көрерменге әзіл сыйлап, көңілінен шығу үшін үлкен еңбек және дайындық қажет. Біз үшін ең бастысы қаражат мәселесі. Жаны жомарт жандар



«То, что надо» командасы үлкен сахнада аудан атынан өнер көрсетті

қолдау көрсетіп, біздің ауданымыздың жастары үлкен сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік алды. Олар өздерінің мықты екендерін дәлелдей алды. Айта кетсек, қаражат жағынан аудандық мәслихат депутаттары мен «Олжа Агро» фирмасы көмек көрсетті. Көмек көрсеткен барша

жаны жайсаң жандарға алғыс білдіреміз.-деді Жастар орталығының басшысы Тұрсынай Дүйсембаева.

Келесі кезеңге команда дайындығын бастап кеткен көрінеді. Команда мүшелері ойынға тыңғылықты дайындалып, әзілдер жазуда. Жаңа сахналық киім тігіліп, жаңа образда шығуды да

көздеп отыр.

Ойынның жүлде қоры 1,5 миллионды құрайды. Жастарымыз алдарына мақсат қойып, қомақты жүлдеге қол жеткізуді көздеп отыр. Жастар мақсаттарына сүрінбей жетеді деген сенімдеміз.